Мемлекеттік сатып алу порталында орналастыру үшін

Сәтбаев қаласы әкімінің
аппарат басшысы
А.Бегежановаға

ҚЫЗМЕТТІК ХАТ

«Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алулар бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: табиғи монополиялар саласына жататын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ энергиямен жабдықтау немесе электр энергиясын кепілдендірілген электр энергиясын жеткізушімен сатып алу-сату.

Осылайша, Заңның 16-бабының 5-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуларды бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы шешімге тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға, не орталық мемлекеттік орган аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге де лауазымды тұлға қол қояды.

Сонымен қатар, Заңның 16-бабының 6-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алулар осы Заңның 5-бабының 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру қағидаттарын сақтай отырып жүргізіледі.

Бұл ретте, мемлекеттік сатып алуларды бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған тұлға жоғарыда көрсетілген қағидаттардың сақталуы үшін дербес жауапкершілікке ие болады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 34-қосымшасында келесі есепті толтыру көзделген, атап айтқанда: «бір көзден сатып алу жағдайының айрықшалығын растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі (қызметтік жазба, қорытынды, анықтама)» бағаны.

Сонымен қатар, Қағидалардың 516-тармағына сәйкес, Заңның 16-бабының 3-тармағының 1), 5), 10), 19), 20), 23), 25), 27), 36) және 41) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алулар уәкілетті орган қалыптастыратын тапсырыс берушілер мен әлеуетті өнім берушілер тізімі бойынша веб-порталда белгіленген форматтық-логикалық бақылауды ескере отырып жүзеге асырылады.

Анықтама үшін: форматтық-логикалық бақылау – Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын

қамтамасыз етуге бағытталған, веб-порталда пайдаланушылар үшін орнатылатын бағдарламалық шектеулер кешені.

Осы орайда, Қағидалардың 510-тармағына сәйкес, Тапсырыс беруші шарт жасасқаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүргізілген мемлекеттік сатып алулар туралы есепті, аталған қызметтік жазбаны көрсете отырып орналастыруға міндетті.

Қағидалардың 506-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілін таңдау келесі негіздермен айқындалады.

Атап айтқанда, мемлекеттік сатып алулардың веб-порталының деректеріне сәйкес «Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС форматтық-логикалық бақылау тізіміне енгізілген.

Жоғарыда баяндалған уәждерді негізге ала отырып, «Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС-мен (БСН 151140024499) веб-портал арқылы бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен шарт жасасуды мақсатқа сай деп санаймыз, КТРУ 353012.200.000001 – «Коммуналдық-тұрмыстық қажеттеліктерге жылы суды (жылу қуатын) тарату, бөлу бойынша қызметтер».

ҚШБ басшысы **Б.Унчибаева**

08.01.2026 ж.